

1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

өсиет

мұрагер

мүлік

мұрагерлік іс

мұра қалдырушы

кәмелетке толмаған

мұра қалдырушының балалары

мұра қалдырушының ата-анасы

міндетті үлес

қайтыс болған адам

мұрадағы міндетті үлес

еңбекке жарамсыз

қайтыс болған адамның асырауындағы мүгедектер

мұра қалдырушының жұбайы

еңбекке жарамсыз асыраудағылар

Мұрагерлер – мұраға
құқығы бар азаматтар
(жеке тұлғалар).



- Кім қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік іс ашып жатырсыз?
- Қайтыс болған адам сізге кім болып келеді?
- Мұра қалдырушымен(қайтыс болған адаммен) туыстығыңызды растайтын құжаттарыңызды беріңіз.
- Қандай құжаттар?
- Неке туралы куәлік, туу туралы куәлік, мұнда әке (ана) жолағында өсиет қалдырушы (қайтыс болған адам) көрсетіледі, егер сіз некеде болсаңыз және қыз кезіңіздегі тегіңізді өзгертсеңіз, онда сіздің неке туралы куәлігіңіз қажет болады.
- Қайтыс болған кісі өсиет қалдыруы мүмкін.
- еgov арқылы облыстық және қалалық мұрағаттардан өсиеттің бар-жоғы туралы анықтамаларды сұрауыңыз керек.
- Міндетті үлеске мұрагерлер бар ма? Міндетті үлестің мұрагерлері бар ма?
- Мұрадағы міндетті үлеске қайтыс болған адамның кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары; қайтыс болған адамның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы; қайтыс болған адамның асырауындағы мүгедектер.
- Мұндай мұрагерлер өсиетте көрсетілген, бірақ өсиеттік мұраның жартысынан азы өсиет қалдырылған болса да, заң бойынша мұра қалған жағдайда оларға тиесілі үлестің кемінде жартысын мұралық мүлікті алуға құқылы, заң бойынша тиесілі үлес.



Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлік
Қазақстан Республикасы Қарағанды облысы Қарағанды қаласы
Екі мың жиырманшы жылдың он бесінші сәуірі

Мен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2003 жылдың 21 қаңтарындағы № 0001280 мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, Қарағанды қаласының нотариусы Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1061-бабының негізінде 2019 жылдың 27 желтоқсанында қайтыс болған Оспан Анар Мұратқызының мүлкіне тең үлеспен мұрагер болып:

1952 жылдың 1 қаңтарында Қарағанды облысында туған, Қарағанды қаласы, Ермеков көшесіндегі 82-үйде тұратын Жәкен Ардақ Азатұлы, табылатынын, 1976 жылдың 16 ақпанында Қарағанды облысында туған, мұраны қабылдап, бірақ мұрагерлік құқықтарын ресімдемеген ұлы Жәкен Жәнібек Азатұлы, 2020 жылдың 21 мамырында Жәкен Ардақ Азатұлының қайтыс болуына байланысты, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1072-бабының 4-тармағының негізінде мұралық мүліктегі оның үлесі оның мұрагеріне: 2021 жылдың 28 тамызында Қарағанды қаласында туған қызы Жәкен Айзада Ардаққызына ауысатынын куәландырамын.

Осы куәлік берілген мұралық мүлік:

Бес тұрғын бөлмелі, жалпы пайдалы алаңы 88,7 шаршы метр, оның ішінде пайдалы тұрғын алаңы 50,9 шаршы метр, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ермаков көшесінде орналасқан 82 (сексен екінші) үйдегі 34 (отыз төртінші) пәтерде тұрады.

Жоғарыда аталған жылжымайтын мүлік мұра қалдырушының меншік құқығына - 2009 жылдың 24 тамызында Қарағанды қаласының нотариусы М.Ш.Ағымбаева (мемлекеттік лицензиясы №04 5624 2001 жылдың 9 тамызында берілген) №9581 тізілімде тіркеп, куәландырған сатып алу-сату шарты негізінде тиесілі. Мұра қалдырушының пәтерге деген жеке меншік құқығы Қарағанды облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығында 2006 жылдың 05 наурызында тіркелген. Пәтердің кадастрлық нөмірі 04:8332:409:089.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 155-бабына сәйкес осы куәлік құзыретті мемлекеттік тіркеу органдарында «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» Заңның 9-бабында белгіленген мерзімде міндетті тіркеуге жатады.

№ _____ тізілімде тіркелді.

Нотариусқа _____ теңге төленді.

Нотариус _____



4. Сәйкестендіріңіз.

мұрагерлік

мұра

кәмелетке толмаған

мұра қалдырушының

мұра қалдырушының

мұра қалдырушының

міндетті

қайтыс болған

мұрадағы міндетті

еңбекке

қайтыс болған адамның асырауындағы

еңбекке

асырауындағылар

үлес

іс

мүгедектер

жарамсыз

адам

жұбайы

ата-анасы

балалары

қалдырушы

жарамсыз



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

_____, _____, мұнда әке (ана) жолағында _____
 (қайтыс болған адам) көрсетіледі, егер сіз некеде болсаңыз және қыз
 кезіңіздегі тегіңізді өзгертсеңіз, онда сіздің _____
 _____ қажет болады.



6. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Қайтыс болған адам сізге кім болып келеді?

Мұра қалдырушымен (қайтыс болған адаммен)
 туыстығыңызды растайтын құжаттарыңызды беріңіз.

Кім қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік іс ашып жатырсыз?

Міндетті үлеске мұрагерлер бар ма?

Міндетті үлестің мұрагерлері бар ма?